

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 7 өкімінің 6-тармағына өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 27 өкімі

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тауарлармен сыртқы электрондық сауда саласындағы пилоттық жобаны (экспериментті) жүргізудің жекелеген мәселелері туралы" 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 7 өкімінің 6-тармағы мынадай мазмұндағы "а1" тармақшамен толықтырылсын:

"а¹) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 28 тамыздағы № 142 шешімімен бекітілген нысан бойынша экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясын түзетуді толтыру ерекшеліктерін айқындасын;"

2. Осы өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан
Федерациясынан
М.Григорян И.Петришенко Б.Жұманғарин А.Касымалиев А.Оверчук*